

## **«Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слеттің қорытындысы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 13-15 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының «Ақсу» жазғы сауықтыру лагерінің базасында «Менің отаным- Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізді.

### **Слеттің мақсаты:**

экспедициялық жасақтардың туристік-өлкетану жұмысын дамыту арқылы өз туған өлкесін кешенді зерттеу барысында оқушылардың азаматтық және отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасын меңгеруге тәрбиелеу;

білім алушылардың ізденушілік-зерттеушілік әрекетіндегі дағдыларын жетілдіру;

«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясынан ең үздік экспедициялық топтарды іріктеу;

білім алушылармен туристік-өлкетану жұмыс жасаудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен нысандарын сақтау және жетілдіру;

«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының бағыттары бойынша қызметтің мазмұнын әрі қарай жетілдіру;

республикамыздың туристік-өлкетану бағытында жұмыс жасайтын бірлестіктердің озық тәжірибелерін тарату.

Слетке жалпы білім беру мектептері және қосымша білім беру ұйымдарының 8-11 сыныптардағы білім алушылары, «Менің отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің аймақтық команда-жеңімпаздары қатысты. Қатысушылардың жалпы саны-120 адам.

Слет туристік-өлкетану қызметінің негізінде тәрбиелік кеңістіктің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді, бұл өткізу ережесінде, әртүрлі байқаулар мен спорттық бағдарламасында көрінді:

1) «Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік-өлкетану экспедициясының экспедициялық жасақтарының презентациясы;

2) «Жас өлкетанушы-зерттеуші» байқауы;

3) «Экспедицияның дала күнделігін» қорғау байқауы;

4) «Кедергілі алқап» ара қашықтық бойынша сайыс;

5) өлкетанудағы бақылау-туристік жол бағдар бойынша сайыс (Кросс-жорық);

6) «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция жылнамасын толтыру.

Әділқазы алқалары ұсынылған жұмыстардың өзектілігі мен жоғары деңгейін, олардың зерттеушілік сипаттылығын, қозғалған мәселелердің жүйелігі мен олардың тәжірибелік маңыздылығы, шешілу жолдарын белгіледі.

Слеттің әділқазылары әрбір номинация бойынша үш жеңімпаздарды анықтады. (6 номинациялар, 18 жүлделі және 3 жалпы командалық орындар).

**1) «Экспедицияның дала күнделігін» қорғау байқауы**

1 орын – Батыс Қазақстан облысы;

2 орын – Павлодар облысы;

3 орын- Оңтүстік Қазақстан облысы;

**2) «Менің Отаным - Қазақстан» презентация байқауы**

1 орын – Ақмола облысы;

2 орын – Павлодар облысы;

3 орын- Шығыс Қазақстан облысы;

**3) «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедиция жылнамасын толтыру.**

1 орын – Оңтүстік Қазақстан облысы;

2 орын – Батыс Қазақстан облысы;

3 орын- Солтүстік Қазақстан облысы;

**4) «Жас өлкетанушы-зерттеуші» байқауы**

1 орын – Солтүстік Қазақстан облысы;

2 орын – Қостанай облысы;

3 орын- Шығыс Қазақстан облысы;

**5) «Кедергілі алқап» ара қашықтық бойынша сайыс**

1 орын – Батыс Қазақстан облысы;

2 орын – Павлодар облысы;

3 орын- Шығыс Қазақстан облысы

**б) Өлкетанудағы бақылау-туристік жол бағдар бойынша сайыс (Кросс-жорық)**

1 орын – Батыс Қазақстан облысы;

2 орын – Ақмола облысы;

3 орын- Астана қаласы.

**Жалпы командалық есеп бойынша жүлделі орындарды алды:**

1 орын- Павлодар облысы;

2 орын- Батыс Қазақстан облысы;

3 орын- Шығыс Қазақстан облысы.

2014 жылғы 15 мамырда «Менің Отаным- Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің жабылу салтанатында жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дипломдар мен құнды жүлделерімен және ҚР БЖҒМ-нің Қазақ туризм және спорт академиясының тегін оқу гранттары және дипломдарымен марапатталды.

Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Солтүстік Қазақстан областарынан келген слет қатысушылары дайындығының аса жоғары деңгейі байқалды. Слеттің қорытындысы бойынша барлық қатысушылар сертификат алды.